

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Махамбет ауданы Бақсай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 7 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 маусымда № 3227 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Бақсай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Бақсай ауылдық округі әкімінің 24.08.2015 № 18 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Махамбет аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 84 ұсынысына сәйкес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бақсай ауылдық округіне қарасты Есмахан елді мекені аумағына құтыру ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Атырау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Махамбет аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Ж. Бисенов

МАТҚҚБ
КЕЛІСІЛДІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының "Махамбет аудандық
орталық ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері Е.Сабиров
"18" мамыр 2015 жыл

Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың
құқықтарын қорғау агенттігінің Атырау
облысы тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаментінің Махамбет
аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысыЛ. Мамаева
"18" мамыр 2015 жыл